

# Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

БЕЙБІТ ЕЛДІҢ БАҒЫ - БІРЛІКТЕ

# ЖАҢАРҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ



№ 16 (27)  
29 СӘУІР  
2026 ЖЫЛ

СӨРСЕНБІ КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

## Құрметті Жаңасемей ауданының тұрғындары!



Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – еліміздің барлық азаматтарын татулық пен келісімге үндейтін, ортақ құндылықтарымызды дәріптейтін ерекше мереке. Бірлік күні – Қазақстан халқының бейбіт өмірі мен тұрақты дамуының берік негізі болып отырған достық, сыйластық және өзара түсіністік сынды асыл қасиеттерді айқындайтын маңызды күн.

Бүгінде Қазақстан – түрлі этнос пен мәдениеттің тоғысқан, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан мемлекет. Осындай берекелі қоғам құру жолында әрбір азаматтың еңбегі мен қосқан үлесі зор. Ел ішіндегі тұрақтылық пен қоғамдық келісім – біздің ең басты байлығымыз әрі ортақ жетістігіміз.

Жаңасемей ауданы да осы бағытта жүйелі дамып келеді. Аудан аумағында түрлі ұлт өкілдері бірлік пен ынтымақта, өзара сыйластықта өмір сүріп, ортақ мақсат жолында еңбек етуде. Бұл – өңіріміздің әлеуметтік тұрақтылығы мен дамуының айқын көрінісі. Мемлекеттік бағдарламалар аясында инфрақұрылымды жақсарту, әлеуметтік қолдау көрсету, мәдени және қоғамдық іс-шараларды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Бірлік пен татулық бар жерде – береке мен ырыс болады. Сондықтан ел игілігі үшін атқарылып жатқан барлық істердің табысты болуы, ең алдымен, халықтың ынтымағы мен бірлігіне тікелей байланысты.

Осы мерейлі күні баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш, еңбектеріңізге толағай табыс серік болсын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, Қазақстанымыздың бірлігі мәңгі нығая берсін!

*Ізгі тілекпен,  
Жаңасемей ауданының әкімі  
Н. ӘБДІКӘРІМОВ*

Аудан әкімі Нұржан Оразбекұлы елді мекендерді аралау аясында Озерки, Талица ауылдарымен қатар, Шұлбікенті мен Новобаженово ауылында да тұрғындармен кездесіп, кезекті есеп беру жиынын өткізді.

## АУДАН ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

Бұл кездесулер – халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, ауыл-аймақтың өзекті мәселелерін ортақ талқылауға мүмкіндік береді.

Жиын барысында аудан көлемінде атқарылған жұмыстар кеңінен баяндалып, алдағы кезеңге жоспарланған жобалар таныстырылды. Өсіресе, әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы басым міндеттерге ерекше назар аударылды. Инфрақұрылымды жаңғырту, жолдарды жөндеу, елді мекендерді абаттандыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселелері негізгі бағыт ретінде айқындалды.

Озерки, Талица, Шұлбі және Новобаженово тұрғындары кездесуге белсенді қатысып, өздерін алаңдатқан бірқатар мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, ауылшілік жолдардың сапасы, көше жарығы, әлеуметтік қолдау, ауызсу жүйесі және ауыл шаруашылығына қатысты түйткілдер кеңінен талқыланды. Әрбір көтерілген мәселе назардан тыс қалмай, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді. Аудан әкімі өз сөзінде халықтың ұсыныс-пікірлері әрдайым назарда болатынын атап өтіп, барлық мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді. Мұндай есеп беру кездесулері тұрғындардың талап-тілектерін дер кезінде ескеріп, тиімді шешім қабылдауға жол ашатыны айтылды.

Кездесу соңында Нұржан Оразбекұлы азаматтарды жеке қабылдап, әр тұрғынның өтініші мен сұрағына жеке-жеке тоқталды. Барлық сауалдарға заң аясында түсіндірме беріліп, нақты бағыт-бағдар ұсынылды. Сонымен қатар, тұрғындардың көтерген мәселелері бақылауға алынып, олардың орындалу барысы қадағаланатыны атап өтілді.

Жалпы, аталған елді мекендердегі есеп беру



кездесулері – билік пен халық арасындағы ашық әрі сындарлы диалогтың нақты көрінісі. Мұндай жүздесулер өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың жалғасы болмақ.  
*Еркеназ АЙТҚОЖА*

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕКТЕРІ ЕСКЕРІЛДІ

Жаңасемей ауданының әкімі Нұржан Оразбекұлы Достық және Ертіс ауылдық округтеріне жұмыс сапарымен барып, жергілікті тұрғындармен есеп беру кездесулерін өткізді. Бұл сапар – ауыл тұрғындарымен тікелей байланыс орнатып, олардың талап-тілектерін тындап, өзекті мәселелерді дер кезінде шешуге бағытталған қадамдардың бірі болды.

Кездесу барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы кеңінен сөз болды. Аудан басшысы инфрақұрылымды жаңғырту, жолдарды жөндеу, ауызсу жүйесін жақсарту, электр жарығымен қамту, елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазалықты сақтау бағытында атқарылған жұмыстарға егжей-тегжейлі тоқталды. Сонымен қатар, алдағы кезеңге жоспарланған жаңа жобалар мен бастамалар таныстырылып, олардың ауылдардың дамуына қосатын үлесі атап өтілді. Жиын барысында тұрғындар да белсенділік танытып, өздерін алаңдатқан мәселелерді ашық жеткізді. Өсіресе, ауылшілік жолдардың сапасы, көше жарығының жеткіліксіздігі, интернет желісінің тұрақсыздығы, медициналық қызметтің қолжетімділігі және жалпы инфрақұрылымды дамыту мәселелері кеңінен көтерілді. Әрбір айтыл-



ған ұсыныс пен мәселе назарға алынып, аудан әкімі тарапынан нақты жауаптар берілді.

Нұржан Оразбекұлы өз сөзінде халықтың пікірлері мен ұсыныстары әрдайым басты назарда болатынын атап өтті. Көтерілген мәселелердің барлығы бақылауға алынып, оларды шешу үшін жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелгенін жеткізді. Бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, нәтижесі тұрғындарға ашық түрде баяндалатыны да айтылды. Кездесу соңында аудан әкімі ауыл тұрғындарын жеке қабылдап, әр азаматтың өтінішіне жеке тоқталды. Барлық сұрақтарға заң аясында түсіндірме беріліп, тиісті бағыт-бағдар ұсынылды. Тұрғындардың талап-тілектері ескеріліп, олардың орындалуы қатаң бақылауда болатыны атап өтілді.

Жалпы, Достық және Ертіс ауылдық округтеріндегі бұл кездесулер – билік пен халық арасындағы сенімді нығайтып, өңірдің тұрақты дамуына серпін беретін маңызды диалог алаңы екені анық.

*"ЖЖ"-ақпарат*

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

SEMEI  
tanu

ЖАҢАРҒАН  
ЖАҢАСЕМЕЙ

ВЕСТИ

БІЗДІҢ  
БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА СЕМЕЙ  
СЕГОДНЯ

НАШ  
БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА  
УАҚЫТ

НОВОЕ  
ВРЕМЯ

ПОДПИСКА  
2026

## ЖАҢАСЕМЕЙ ЖӘРМЕҢКЕСІ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Семей қаласында тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Северный сауда логистикалық орталығының аумағында ұйымдастырылған бұл шараны Жаңасемей ауданының әкімдігі қолға алып, өңірдегі ауыл еңбеккерлерінің өнімдерін қала халқына тікелей ұсынуына мүмкіндік жасады.

Жәрмеңкеге ауданның 11 ауылдық округінен келген шаруалар мен кәсіпкерлер қатысып, өз өнімдерін нарық бағасынан төмен ұсынды. Мұндай бастама, ең алдымен, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға бағытталған. Сонымен қатар, бұл ауыл мен қала арасындағы экономикалық байланысты нығайтып, жергілікті өндірушілердің еңбегін қолдауға зор ықпал етеді.

Сауда сөрелерінде ет өнімдері ерекше сұранысқа ие болды. Атап айтқанда, 940 келі ірі қара еті 3300 теңгеден, ал 840 келі жылқы еті 3200 теңгеден ұсынылып, қысқа уақыт ішін-

де тұтынушыларға жолданды. Бұдан бөлек, жәрмеңкеде сүт және сүт өнімдері, жаңа піскен көкөністер, табиғи бал, ұн және басқа да азық-түлік түрлері кеңінен сатылды. Барлық өнімдер сапа талаптарына сай және тұрғындарға тиімді бағамен ұсынылды. Қала тұрғындары мұндай жәрмеңкелердің маңыздылығын ерекше атап өтуде. Өйткені делдалсыз, тікелей өндірушіден сатып алынған өнім әрі сапалы, әрі бағасы қолжетімді. Көпшілік үшін бұл отбасылық бюджетті үнемдеудің тиімді жолы болып отыр.

- Біз күнделікті тұрмыстық жағдайда қолданатын тағамдарға қарағанда ет өнімдерінің бағасын жиі бақылаймыз. Себебі, егер еттің бағасы қымбат болып тұрса, басқа азық-түліктерге ақшамыз да жетпей қалып жатады. Яғни, не ет алып болмаса ет өнімдерін тұтынбай құр азық-түлік ғана алып қайтуға мәжбүр боламыз. Сондықтан халықтың жағдайы үшін осындай жәрмеңкелер жиі ұйымдастырылып тұрса нұр үстіне нұр болатын еді. Сонда етке де басқа қажетті азық-түлікке де тапқан ақшамыз жеткілікті болып, көңілімізде орнында болатын еді,-дейді Сандуғаш есімді тұтынушы.

Ал, ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын көрінеді. Мұндағы негізгі мақсат – халықты тұрақты түрде сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және жергілікті шаруалардың өнімін өткізуіне қолдау көрсету. Сонымен қатар халықтың жағдайын ескере отырып азық-түлік бағасын тұрақтандыру болып табылады. Жаңасемей ауданының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі – ауыл еңбеккерлерінің маңдай терінің нәтижесін ел игілігіне айналдырып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған істердің бірі.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Ертіс ауылдық округіне қарасты Прииртышское ауылында ауқымды тазарту жұмыстары ұйымдастырылды.

## ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Іс-шараның басты мақсаты – елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартып, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру және тұрғындарды тазалыққа жауапкершілікпен қарауға шақыру. Тазалық жұмыстарына ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлері мен еріктілер белсене қатысып, ортақ іске жұмыла кірісті. Ауыл ішіндегі көшелер мен қоғамдық орындарда санитарлық тазалыққа ерекше көңіл бөлініп, қоқыс қалдықтары жиналып, арнайы орындарға шығарылды.

Шара барысында көптен бері қараусыз қалған бос тұрғын үйдің маңы негізгі тазарту нысаны ретінде белгіленді. Бұл аумақта жылдар бойы жиналып қалған құрылыс қалдықтары мен тұрмыстық қоқыстар толықтай шығарылып, аумақ толықтай ретке келтірілді. Нәтижесінде, ауылдың келбеті жақсарып, тұрғындар үшін қауіпсіз ері таза орта қалыптастыруға мүмкіндік туды.

Тазалық жұмыстары әр адамның өзінен бастау алуы тиіс. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, оның маңызын түсіне білген адам өзіне де айналғанда адамдарға да табиғатқа зиян келтіруге еш жол бермейді. Акциялардан бөлек тазалық жұмыстары әр үйдің ауласынан бастау алуы қажет. Сонда біз қоршаған ортаны да табиғатты да таза қалпында сақтап қала аламыз дейді қатысушылар.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай экологиялық акциялар тек тазалық жұмыстарымен шектелмей, тұрғындардың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған. Табиғатты қорғау, туған жерге жанашырлықпен қарау – әр азаматтың ортақ міндеті екені кеңінен түсіндірілді. Жалпы, «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы бұл игі іс-шара ауылдың көркеюіне өз үлесін қосып, экологиялық мәдениетті арттыруға серпін берді. Алдағы уақытта да осындай тазалық жұмыстары тұрақты түрде жалғасын табады деп жоспарлануда.

Өз тілшіміз



## ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Новобаженово ауылдық округінде көктемгі ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілуде.



Бұл жұмыстардың басты мақсаты – ауыл шаруашылығы жануарлары арасында жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау және тұрғындардың мал шаруашылығындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ветеринариялық мамандар ауыл-аймақты аралап, ірі қара, ұсақ мал және жылқы басына жоспарлы түрде екпе егу, диагностикалық тексерулер жүргізу және профилактикалық өңдеу жұмыстарын атқаруда. Сонымен қатар, мал иелеріне жануарларды күтіп-бағу талаптары, аурудың алдын алу шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Іс-шаралар барысында әрбір мал басы есепке алынып, ветеринариялық талаптарға сай тіркеу және бақылау жұмыстары да қатар жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде қауіпті ауру ошақтарының алдын алуға және дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, көктем мезгілі – мал ауруларының белең алу қаупі жоғары кезеңдердің бірі. Сондықтан дәл осы уақытта жүргізілетін профилактикалық шаралардың маңызы зор. Тұрғындарға малды уақытылы вакцинациядан өткізу, ветеринариялық талаптарды сақтау және күменді жағдайларда дереу мамандарға жүгіну қажеттігі ескертілуде.

Жалпы, Новобаженово ауылдық округінде атқарылып жатқан ветеринариялық жұмыстар – өңірдегі мал шаруашылығын дамытуға, өнім сапасын арттыруға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған маңызды шаралардың бірі.

Еркеназ АЙТҚОЖА

«Көркем тіл – көрікті өңір» айлығы аясында Новобаженово ауылы мен Шаған кенті аумағындағы сауда нысандарында арнайы мониторинг жұмыстары ұйымдастырылды.

## «КӨРКЕМ ТІЛ – КӨРІКТІ ӨҢІР»: САУДА НЫСАНДАРЫНА МОНИТОРИНГ

Іс-шараның негізгі мақсаты – көрнекі ақпараттардың заң талаптарына сай рәсімделуін қадағалау, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және тіл мәдениетін арттыру.

Мониторинг барысында дүкендер мен өзге де сауда орындарындағы маңдайшалар, жарнамалық жазбалар, баға көрсеткіштері мен ақпараттық тақтайшалардың талапқа сәйкестігі тексерілді. Атап айтқанда, мәтіндердің сауатты жазылуы, мемлекеттік тілдің дұрыс әрі басым қолданылуы және орыс тіліндегі аудармалардың сапасына ерекше назар аударылды.

Тексеру нәтижесінде бірқатар нысандарда кемшіліктер анықталып, кәсіпкерлерге тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Заң талаптарына сәйкес келмейтін көрнекі ақпараттарды түзету бойынша нақты ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, кәсіп иелеріне тіл нормаларын сақтау тек талап қана емес, тұтынушыларға деген құрметтің белгісі екені түсіндірілді. Мұндай мониторингтік шаралар – қоғамдағы тіл мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың бір бөлігі. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да бұл бағыттағы іс-шаралар жалғасын таба-



тынын атап өтті.

Жалпы, «Көркем тіл – көрікті өңір» айлығы аясындағы бұл жұмыстар өңірдегі тіл саясатын жүзеге асыруға серпін беріп, тұрғындар мен кәсіпкерлердің тілге деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етуде.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

## ҚАРЖЫ ТӘРТІБІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Аудан әкімдігінде қаржы және есеп мәселелеріне арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.

Аталған жиын қаржы саласындағы өзекті мәселелерді талқылап, бюджеттік тәртіпті жетілдіру мен есеп жүргізу сапасын арттыруға бағытталды.

Іс-шара барысында бухгалтерлік есепті жүргізудің өзекті тұстары, бюджеттік өтімдерді ұсыну қағидалары, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты игерілуі, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдерін дұрыс ұйымдастыру мәселелері жан-жақты қарастырылды. Қатысушыларға қолданыстағы заңнама талаптары түсіндіріліп, тәжірибеде кездесетін түйткілді мәселелер бойынша нақты мысалдар келтірілді.

Дөңгелек үстел аудан әкімінің орынбасары Айнура Оралқызы және экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айсулу Кабирқызының төрағалығымен өтті. Жиынға «Абай облысының қаржы басқармасы» басшысының орынбасары Дәурен Қаратаев пен басқарманың есеп және қаржылық есептілік бөлімінің басшысы Рауфия Құрманғалиевалар қатысушыларға әдістемелік көмек көрсетіп, маңызды бағыттар бойынша кеңінен түсіндірме берді. Сонымен қатар, шараға аудандық бөлім басшылары, олардың есепшілері, ауылдық округтер мен кент әкімдері және олардың есеп-

шілері қатысып, өзара тәжірибе алмасты. Қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тиісті сала мамандарынан нақты жауаптар алды.

Жиын қорытындысы бойынша алдағы кезеңдегі жұмыстардың негізгі бағыттары айқындалып, қаржы тәртібін күшейту, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және есептілік сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар айтылды. Мұндай басқосулар қаржы саласындағы ашықтықты қамтамасыз етіп, мемлекеттік қаражаттың тиімді игерілуіне оң ықпал ететіні сөзсіз.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАРАЛДЫ

**Аудан әкімі Нұржан Әбдікәрімовтің төрағалығымен кезекті аппараттық жиын өтті. Жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджеттік қаражатты игеру, өрт қауіпсіздігі және елді мекендерді абаттандыру бағытындағы өзекті мәселелер жан-жақты қаралды.**



Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе ретінде 2026 жылдың I тоқсанындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы сараланды. Баяндамашылардың айтуынша, есепті кезеңде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім байқалады. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнес салаларында тұрақты даму қалыптасып, бірқатар жобалар іске асырылған. Сонымен қатар, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау шаралары және инфрақұрылымды дамыту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.

Келесі мәселе – 2026 жылдың I тоқсанында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаражатты игеру деңгейі. Бұл бағытта кейбір мекемелердің қаржыны толық әрі тиімді игер-



мегені сөз болды. Аудан әкімі жауапты басшыларға бюджеттік қаражатты мақсатты және уақытылы игеру бойынша нақты тапсырмалар беріп, бақылауды күшейтуді міндеттеді.

Жиында орманды дала және тұрмыстық өрттердің алдын алу мәселесі де кеңінен талқыланды. Ауданда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар профилактикалық шаралар қолға алынған. Тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, өртке қарсы қауіпсіздік айлығы аясында рейдтер мен арнайы іс-шаралар ұйымдастырылуда. Дегенмен, табиғи факторлар мен адам жауапсыздығынан туындайтын қауіптің өлі де жоғары екені ескертіліп, барлық жауапты қызметтерге алдын алу жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Сондай-ақ, аудан ауылдарын

санитарлық тазалау, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының барысы қаралды. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында елді мекендерде екі айлық тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Көшелерді тазарту, ағаш отырғызу, қоғамдық орындарды ретке келтіру жұмыстарына мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар және еріктілер белсенді қатысуда. Бұл бағыттағы жұмыстардың сапасын арттыру және тұрғындардың белсенділігін одан әрі күшейту қажеттігі атап өтілді.

Жиын қорытындысы бойынша Нұржан Оразбекұлы барлық көтерілген мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын қатаң бақылауға алатынын жеткізді.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

**Абай облысында дәстүрлі «Абай елі – өнер кеніші» көркемөнерпаздар байқауы жалғасып, төртінші күнгі іріктеу кезеңі Жаңасемей ауданында басталды.**

## КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР БАЙҚАУЫ ЖАҢАСЕМЕЙДЕ

Өңірдің мәдени тынысын танытатын өнер додасы облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен облыс аудандары арасында өтуде.

Байқаудың іріктеу кезеңінде кәсіби қазылар алқасы Жаңа Семей ауданына арнайы барып, жергілікті өнерпаздардың шығармашылық әлеуетіне баға берді. Қайнар ауылдық мәдениет үйінде өткен концерттік бағдарламада қатысушылар талапқа сай мазмұнды нөмірлерін ұсынып, орындаушылық шеберлігімен қатар сахна мәдениетін, көркемдік шешімдерін және өз өңірлеріне тән өнер өрнегін көпшілік назарына паш етті.

Байқаудың ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз ету мақсатында оның жұмысына елге белгілі мәдениет және өнер қайраткерлері, сондай-ақ саланың тәжірибелі мамандарынан құралған кәсіби қазылар алқасы тартылған. Мұндай құрам қатысушылардың өнерін жан-жақты бағалауға, шығармашылық ізденістеріне кәсіби тұрғыдан зер салуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, бұл байқау өткен жылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған болатын. Өнер додасының басты мақсаты – өңірде өнер мен мәдениетті дамытуға қолдайлы орта қалыптастыру, шығармашылық бастамаларды қолдау, көркемөнерпаздар ұжымдарының әлеуетін кеңінен таныту және ұлттық мәдени мұраны дәріптеу.

Байқаудың іріктеу кезеңі жалғасып, белгіленген бағдарлама аясында өзге ауданның өнерпаздары да өнер көрсетеді.



Еркеназ АЙТҚОЖА

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Qaz Manganese» ЖШС 2026 жылғы 12 мамырдан бастап 25 мамырға дейін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен «Дәулетпай» учаскесі «Есімжал» кен орнының марганец кендерін өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою және олардың шамамен құнын есептеу жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Алғабас а.о., Алғабас ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 49° 21' 26"с.е. 76° 58' 40"ш.б.

Ескертулер мен ұсыныстар білдіру үшін жобалық құжаттама пакетімен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Disscusion/DisPublic> «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жайкүйі туралы ұлттық деректер банкі» порталындағы «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінен танысуға болады.

Тапсырыс берушінің реквизиттері: «Qaz Manganese» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алматы ауданы, Қарасай батыр көшесі 207/35, БСН 191040011470, Директор – Ержан А. Тел: + 7(770)-562-28-02, , эл.пошта: qaz\_manganese@mail.ru

Әзірлеушінің реквизиттері: ЖК «ПроЭкоКонсалт», ҚР, Қарағанды қ., Н.Назарбаев қ, 4-үй, (BULVAR БО), 104-оф. өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya\_ob80@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган – «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, e-mail: prirodnuye\_resursy\_obl.abay@mail.ru

**Жаңасемей ауданының Мұқыр ауылында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кең көлемді ағаш отырғызу шарасы ұйымдастырылды. Табиғатты қорғауға бағытталған бұл игі бастама ауылдың экологиялық жағдайын жақсартуға және елдімекеннің жасыл желегін көбейтуге арналды.**

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АЯСЫНДА КӨГАЛДАНДЫРУ ШАРАСЫ ӨТТІ



Аталған шараға аудан әкімдігі қызметкерлері, жастар орталығының мамандары, мәслихат өкілдері, білім бөлімі мен кітапхана қызметкерлері белсене қатысып, бірлесіп 50 түп ағаш отырғызды. Қатысушылар ортақ іске жұмыла кірісіп, ауыл аумағын көгалдандыруға өз үлестерін қосты. Іс-шара барысында табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау және жасыл аймақтарды көбейту – әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі екені атап өтілді. Қатысушылар мұндай бастамалардың тек экологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы бірлік пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруда да маңызы зор екенін жеткізді.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы бұл шара ауыл тұрғындарының экологиялық санасын арттырып, туған жерге деген жанашырлық сезімін күшейтуге ықпал етті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасып, аудан аумағын көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бермек.

Жалпы, Мұқыр ауылындағы ағаш отырғызу шарасы – табиғатты қорғауға бағытталған нақты қадамдардың бірі ретінде өңірдің экологиялық дамуына оң әсерін тигізеді.

Өз тілшіміз

## ЖАҢАСЕМЕЙ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЕРТІС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ

(сайлау 2026 жылғы 17 мамыр) 2026 жылғы 26 сәуір сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№ п/п	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
1.	Айтишева Алия Мухаметкалиевна	1984	Бас маман, «Жаңасемей ауданының Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Шақаман ауылы	Өзін-өзі ұсыну
2.	Антюра Кактай Сейсембаевич	1972	Бас маман, «Жаңасемей ауданының Шүлбі кенті әкімінің аппараты» ММ, Шүлбі кенті	Өзін-өзі ұсыну
3.	Омаров Даулен Айтмухамбетович	1980	Директор, Түрксиб жалпы орта білім беру мектебі»КММ, Мұқұр ауылы	Өзін-өзі ұсыну



## ЖЕТИСТІККЕ ЖЕТУДІҢ 3 ЖОЛЫ

**Табысқа жетелейтін үш қысқа жол бар. Бұл әдістер көп жұмыс істеуді емес, ақылмен жұмыс істеуге үндейді. Табысқа жетуде адаспау үшін нағыз даңғыл жолдармен жүргеніңіз бек дұрыс. Кейбір адамдар табысқа жету жолына сенбейді. Олар тек қана ауыр жұмыс арқылы ғана қалаған барлық нәрсеге қол жеткізуге болады деп ойлайды. Бірақ ауыр жұмыс істейтін және көп еңбек ететін адамдар әрқашан жеңіске жете ме? Ол бөлек әңгіме...**

Былай елестетіп көрейік, табысқа жету үшін қысқа жол жоқ, әр адам өз жұмысына лайықты деңгейде ғана табысты дейік. Онда бұл дегеніңіз – жылына 11 миллиард доллар табатын Билл Гейтс (сағатына - 1,3 миллион доллар) жылына жатпай-тұрмай еңбек етіп, 50 мың доллар табатын қарапайым америкалық жұмысшыдан 54 000 рет артық жұмыс істеді деген сөз. Бұл мүмкін бе?

Әр адам ауыр жұмыстың артында міндетті түрде сыйақы болатынын біледі. Бұл солай да. Бірақ сіз мүмкіндіктеріңіздің шегінен асып кете алмайсыз.

### 1. Жалғыз бастамаңыз, сізге үйрететін ұстаз керек...

Кейде табысқа жету жолы тым ұзақ көрінеді, содан соң ол табысқа емес, басқа жаққа апара жатқанын түсінесіз. Себебі қандай да бір маңызды дүниелерді ұмыт қалдырасыз, үлкен қателіктер жасайсыз. Кез келген ұлы тарихта кейіпкердің орта жолда еңсере алмайтын оқиғаларға тап келетін тұстары болады. Бұл - оған әлденені үйрететін тәлімгер ұстаздың керек шағы. Егер ақылды бір адам жол көрсетпесе, сіз бұдан әрі қарай жүре алмайсыз. Фродоға Гэндальф, Люкке Оби-Ван керек болды. Дәл сол секілді сізге де бір тәлімгер керек.

Жетістікке жеткен адамдар керек уақытта керек адамды жолықтыра алды. Сіз өздігіңізден ақылды болмайсыз, сізге ақылды біреу жол көрсетеді. Содан кейін барып сол жолға бар күшіңізді жұмсайсыз. Әрине, біреу келеді екен деп қол құсырып күтіп отыра беруге де болмайды. Біреулердің жолы болады, ал енді біреулерге жетістік жолын іздеуге тура келеді.

### 2. Ештеңе ойлап табудың қажеті жоқ. Бар нәрсені қолданыңыз.

Нағыз білім – бұл ғылым мен өнер саласынан алынған бірнеше деректерді білу емес, сонымен қатар мінез-құлықты дамыту.

Дэвид О.Маккей, дін өкілі, педагог  
Жол көрсететін адамды қалай табасыз? Ойда жоқта қалаған адамыңызды табу өте қиын. Сізге көмегі тиеді-ау, ақыл-кеңесін айтады-ау деген атақты адамдардың уақыты бола бермейтіні белгілі. Сол себепті сізге осылардың ішіндегі біреуімен кездесуге тырысу керек. Оның сізді үнемі оқытатын уақыты болмайды. Сондықтан да сізге бірнеше тәлімгер іздеуге тура келеді.

Өзіңізді үйренуші шәкіртпін деп есептеңіз. Өмір жолында кездесетін әрбір адам - сізге ұстаз. Олардың қай-қайсысынан болсын, әйтеуір, бір нәрсені үйренесіз.

Ең мықты ұстаздарыңыз – айналаңыздағы адамдар.

Алайда тәлімгерді табу - жұмыстың жартысы ғана. Одан өзіңізге керекті білімді жинақтап қана қоймай, үйретуге деген ынтасын арттыруыңыз қажет.

Кішкентайдан бастаңыз. Адамға бірден «Менің ұстазым боласыз ба?» деп сұрақ қоюға болмайды. Әуелі аздаған уақытын бөлуін сұрап, оны бірге отырып түстенуге шақырып, кофе ісуге ұсыныс жасаңыз. Оны сөйлетіңіз. Оның жетістігінің тарихын айтып беруін сұраңыз. Мүмкіндігінше көбірек сұрап, нақты сұрақтарды дайындап, аз

сөйлесуге тырысыңыз. Ешкім адамның осындай қызығушылығына қарсы тұра алмайды және көптеген пайдалы ақпараттарды есте сақтауға көмектесетін әңгімеге естисіз. Қағазға жазып отырыңыз. Ол сөйлеп жатқанда керекті жерлерін телефонға емес, қойын дәптеріңізге түртіп отырыңыз. Бұл әрекетіңіз оның әңгімесіне деген құлшынысын оятады. Телефонды қолдану сәл әдепсіздеу көрінуі мүмкін. Себебі ол сізді әлдебіреумен хат алмасып отыр деп немесе поштасын тексеріп отыр деп ойлауы мүмкін.

Кейінгі әрекет. Бұл - өзінің жетістік тарихын бөліскен адаммен қарым-қатынастың ең маңыздысы. Оған уақытын бөліп келгені үшін рақмет айтыңыз.

Жалпақтаудың қажеті жоқ. Жай ғана өзіңізді уақытын текке кетірген адам ретінде ұстаңыз. Айтылған кеңестерді орындаңыз. Табыскер адамдар көңіл-күйлері мен идеяларын бөліскісі келеді. Өйткені бәрі жетістікке ұмтылған адамға көмектесуді қалайды, сондықтан оның жетістігі үшін өзін жауапты сезінеді.

### 3. Қолы ашық адам болыңыз, әрдайым көмектесіңіз.

Кейбір табысқа жеткен тұлғалар өздерінің бұған қалай жеткенін жасыруға тырысады. Ал енді біреулері жетістік тарихын бөліседі, кітап жазады, әлеуметтік желілерге жазады.

Ешқашан сараң болмаңыз. Ол сіздің жауыңыз: – Сараңдық шығармашылық қабілетті өлтіреді. Ал кеңпейілділік оған күш береді.

– Сараңдық қорқыныш тудырады, кеңпейілділік батыл ете түседі.

– Сараңдық адамдардан алшақтатады, кеңпейілділік жақындатады.

Бұл кеңестерді оқыған барлық адамның көкейінде күмән тұрады. Адамдар әр түрлі ғой. Оның жауабы төмендегідей:

Неге беделді адамдардың көмегіне жүгіну керек? Олар жайдан-жай көмектеспейді ғой...

Солай да болуы мүмкін. Шынымен олардың уақыты есептеулі. Бірақ олар әрдайым көмектесуді өздеріне парыз санайды. Әдетте, олар кімге көмектесетінін таңдағанда, бәрінен үмітті, ертеңге деген сенімі жоғары адамдарды таңдайды. Ең жақсысы сіз «барлық нәрсені білетін» адам ретінде және өзі туралы айтудан жалықпайтын адам ретінде емес, «үйренуге тырысатын», көп сұрағы бар өршіл адам ретінде есінде қалуға күш жұмсаңыз.

Табыскерлер біз айтқандай соншалықты өзімізшіл ме? Жоқ, өсте олай емес. Барлығы бірдей емес. Әдетте, біз өзімізді бір салада маңызды адам сезінетіміз бар. Сол себепті сіз де кездескен табыскер тұлғамен қайырымдылық қасиеттері жөнінде емес, оның жеке тұлғалық жағы жөнінде көбірек тілдесуге тырысыңыз.

Әркім өз жолын қалыптастыра алады. Ең бастысы, нақты нысанаңыз болсын. Мына нәрсені ұмытпаңыз: өз ақылымымен жетем деп босқа уақыт жоғалтпаңыз. Керісінше, оқуға, білім алуға қаражат жұмсағаныңыз әлдеқайда тиімдірек. Мүмкіндіктер сіз ойлағаннан да жақын жерде. Жай ғана қадам жасау қажет. Жетістікті күтіп отырмай, оған жетудің жолын іздеңіз. Дәл қазір.

## БЕТТЕПІ ҚАНДАЙ БЕЛГІЛЕР ІШЕК АУРУЫН БІЛДІРЕДІ

**Біздің ағзамыз ауруды оны түрлі жолдармен білдіреді. Ішектерді кейбір дәрігерлер «ең күшті ағза» деп атайды. Мысалы, ішектер біздің мінез-құлқымыз бен көңіл-күймізді басқара алатынын бәрі біле бермейді. Қарнымыз ашқан немесе бірдеңе жегіміз келген белгі миға ішекті мекендеген бактериялар арқылы жіберіледі. Сондай-ақ олар иммунитетке, көңіл-күйге және тіпті деменция қаупіне әсер етуі мүмкін.**



«Егер өзімізге жағымды нәрсе жасасақ, бақыт гормоны деп аталатын серотонинді өндіреміз. Ал серотонин тәрізді заттардың шамамен 90 пайызы мида емес, ішекте өндіріледі», - дейді дәрігерлер.

Бірқатар ми ауруларының (мысалы, Склероз, Паркинсон ауруы, Альцгеймер ауруы) түпкі себебі ішекте болуы мүмкін екендігін дәлелдейтін ғылыми еңбектер бар.

### Ішектің сау емес екенін қалай түсінуге болады?

Асқазан-ішек жолдарының проблемаларына күдіктенуге болатын белгілер бар: іштің ауыруы, диарея, іш қату, іштің кебуі.

Сонымен, ішектегі проблемаларды беттегі белгілерден анықтауға болады:

- Біртүрлі қара дақтар,
- терінің кенеттен құрғап кетуі,
- псориазбен ауыра бастау,
- теріңізде кетпейтін қызару болса.

«Асқорыту жолы ағзадағы көптеген процестерді, соның ішінде терінің күйін бақылайтын ақуыздар мен молекулаларды құра отырып, тағамды ашытатын триллиондаған бактерияларға толы. Ішектер дұрыс болмаса, тері дұрыс «жаңара» алмайды, сонымен қатар ол проблемалардың бір түрі ретінде әрекет етеді», - дейді дәрігер Чун Тан британдық Express басылымына берген сұқбатында.

Ішек денсаулығы үшін диетаныңға мыналарды қосыңыз:

- түрлі-түсті орамжапырақ;
- асқабақ;
- брокколи;
- қояншөп;
- ақжелкен, аскөк, жасыл салат;
- майлы балық;
- қоңыр күріш;
- сүт өнімдері.

«Дегенмен диетаға сүтті абайлап енгізу керек. Лактоза төзімсіздігі бар адамдар үшін – сүт қанты – қаймағы алынбаған сүт және оның негізінде жасалған өнімдер пайдадан гөрі зиянын тигізеді», - дейді гастроэнтеролог.

Бұл жағдайда лактозасыз өнімдер қолайлы.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынды

## ЖАҢАРҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ



Директор Р.А.МОЛДАШЕВА

Редактор  
Гүлім  
ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ  
инстаграмм  
kaisagulizamanbek

Email:  
info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі берген тіркеу куәлігі  
№ KZ13VPY00131521, 10.10.2025 ж.  
Газет «АВАІ АИМАҚ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Таралымы - 12120. Аптасына бір рет - сәрсенбі күні шығады.  
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.  
Тел.: қабылдау бөлмесі - 52-36-57; тілшілер - 52-07-34, 52-09-84  
жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

